

## "Рахат" Қазақ-Австриялық бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 277 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 193 және 220-баптарына және "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Рахат" Қазақ-Австриялық бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қоғам) қатысты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Эксимбанк Қазақстан" акционерлік қоғамы және қоғам арасында жасалған 2001 жылы 11 қаңтардағы № 6ABC001A келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты туындаған республикалық бюджет алдындағы берешегі бойынша жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану немесе оңалту рәсімін енгізу шеңберінде заңнамада белгіленген тәртіппен, оның ішінде:

1) негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу мерзімдерін 2030 жылды қоса алғанда өзгерту;

2) қоғамға қатысты жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану немесе оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешім шығарған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының теңгеге ресми бағамына сәйкес Келісім бойынша берешек валютасын өзгерту;

3) негізгі борышты өтеуді бастау күнін 2021 жылғы 31 наурызға айқындау көзделген қоғамның оңалту жоспарын келісуді қамтамасыз етсін.

2. Сот қоғамға қатысты жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану немесе оңалту рәсімін енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен іс жүзінде есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар) сомаларын есепке ала отырып, осы қаулының 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген шарттарды қамтитын Келісімге қосымша келісім жасасу жолымен қоғамның республикалық бюджет алдындағы берешегін қайта құрылымдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК